Исх. № 4712-25-5-21/13639 от 05.11.2025, Вход № 125 от 06.11.2025

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 17 қазан №4712-25-00-2/3820 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.Т.Бекболатов,
сот отырысының хатшысы С.Жұбан қатысуымен,
ашық сот отырысында мобильді бейнебайланыс арқылы қойылған талап бойынша электрондық азаматтық ісін қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Бейнеу аудандық құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Компания Береке Құрылыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану

ҮШІНШІ ТҰЛҒА:
Саламатин Александр Викторович

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшы өкілі Б.Қойлыбаев,
жауапкер өкілі І.Султанғали,

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Талап қоюшы «Бейнеу аудандық құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Бөлім) мемлекеттік сатып алулар веб-порталы арқылы 2025 жылғы 30 мамырда жариаланған, «Боранқұл ауылындағы «Қарақұм» саябағын абаттандыру жұмысы» сатып алуға №:14858885-1 мемлекеттік сатып алу туралы хабарлама жариялап ашық конкурс өткізілгені.

Рег.№ 125 Рег.дата 06.11.2025 Копия электронного документа. Дата: 21.01.2026 15:36. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

Жоғарыда аталған мемлекеттік сатып алу ашық конкурсына қатысушы әлеуеттік өнім беруші «Компания Береке Құрылыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі - Серіктестік) өзінің материалдық ресурстармен қамтылғаны туралы анық емес ақпарат бергені анықталғанын көрсетіп, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тануды сұрап талап қоюын келтірді.

Талап қоюшы өкілі сот отырысында талабын толықтай қолдап, оны қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкер өкілі талап қоюда көрсетілген уәждермен келіспей, мемлекеттік сатып алуға қатысуға конкурстық құжаттарды дайындауға жарнама арқылы табылған компания жалдағаны, кран-манипуляторды жалдауға құжаттарды сол компания дайындағаны туралы дәлел келтіріп, талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

Үшінші тұлға А.В.Саламатин сот отырысында жауапкермен шарт жасамағаны және өзінің меншігіндегі 2005 жылғы, Камаз-55111 маркалы, мемлекеттік 347 AZZ 08, кран-манипуляторын жауапкерге жалға беруге келіспегені туралы дәлел келтірді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 14-бабының 1-тармағына сәйкес, анық емес ақпарат берген әлеуетті өнім берушілер немесе өнім берушілер осы Заңда белгіленген тәртіппен мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізіледі.

Іс материалдарынан және сот отырсында анықталғаны, Серіктестік ашық конкурс арқылы «Боранқұл ауылындағы «Қарақұм» саябағын абаттандыру жұмысы» сатып алу конкурсы бойынша өзінің өтінімінде материалдық ресурстармен қамтылғаны туралы растау үшін жауапкер құжаттар жалғап, атап айтқанда 2025 жылғы 5 мамырда Салматин А.В. меншігіндегі 2005 жылғы, Камаз-55111 маркалы, мемлекеттік 347 AZZ 08, кран-манипуляторын жалдау туралы №22 келісім шарт (бұдан әрі - шарт) жасақтап, ұсынған.

Конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес конкурсқа қатысушы әлеуетті өнім берушілер біліктілік талаптарына сәйкес автотиегіштер, жүк көтергіштігі 5 тонна – 1 данасы, кран-манипулятор, көтергіштігі 16 тонна – 1 данасы және 10 жұмысшы болуы қарастырылған.

Алайда конкурсқа қатысушылардың арызы негізінде жүргізілген тексеріс барысында үшінші тұлға Салматин А.В. өзінің меншігіндегі арнайы техникасын жауапкерге жалға бермегені анықталды. Ол туралы үшінші тұлға 2025 жылғы 12 маусымда берген жауабында және сот отырсында берген уәждерімен дәлелденеді.

Рег.№ 125 Рег.дата 06.11.2025 Копия электронного документа. Дата: 21.01.2026 15:36. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

Құжатқа қол қойылған: Бекболатов А. Т., 24.10.2025

4712-25-3-6/332

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай - АПК) 15, 72 және 73-баптарына сәйкес сот істің мән-жайын анықтау мақсатында өз бастамасымен айғақтар жинаудан босатылған. Әр тарап өзінің негізі ретінде сілтеме жасайтын мән - жайларды дәлелдеуі тиіс. Дәлелдемелерді тараптар мен іске қатысушы басқа да тұлғалар береді.

Жоғарыда көрсетілген уәждерді жауапкер жоққа шығармады.

Істің бұндай тұрғысында сот, Серіктестіктің материалдық ресурстарын растау ретінде ұсынылған шарт ажлға берушімен жасалмағаны, яғни жалған екені анықталғанын назарға алып, жауапкер әлеуеттік өнім беруші ретінде конкурсқа қатысу барысында біліктілік талаптары растайтын құжаттар бойынша анық емес ақпарат берді деген тұжырымға келеді.

Жоғарыда көрсетілген дәлелді негізге ала отырып, сот талап қоюшының талап қою арызын қанағаттандыруға жатады деген тұжырымға келеді.

Сонымен қатар АПК-нің 117-баптарының талаптарына сай, талап қоюшы төлеуден босатылған мемлекеттік баж алымын сот мемлекет кірісіне шығыстарын төлеуден босатылмаған жауапкерден толық немесе талап қоюдың қанағаттандырылған бөлігіне пропорционалды өндіріліп алынады.

Сондықтан жауапкерден мемлекет пайдасына 1 966 теңге мемлекеттік баж салығы өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229 – баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қою – қанағаттандырылсын.

«Компания Береке Құрылыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Компания Береке Құрылыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Шешімге тараптар Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 403, 404 баптарының талаптарына сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Маңғыстау облыстық сотының апелляциялық сот алқасына шағым және прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Рег.№ 125 Рег.дата 06.11.2025 Копия электронного документа. Дата: 21.01.2026 15:36. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

Құжатқа қол қойылған: Бекболатов А. Т., 24.10.2025

4712-25-3-6/332

Судья Бекболатов А.Т.

Подпись канцелярии
05.11.2025 17:30 ТЕЛЕШОВА РОЗА

Подпись руководителя
05.11.2025 10:56 БЕКБОЛАТОВ АРЫСТАНБЕК

Рег.№ 125 Рег.дата 06.11.2025 Копия электронного документа. Дата: 21.01.2026 15:36. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

Құжатқа қол қойылған: Бекболатов А. Т., 24.10.2025

4712-25-3-6/332

Тип документа	Входящий документ
Номер и дата документа	№ 125 от 06.11.2025 г.
Организация/ отправитель	СПЕЦИАЛИЗИРОВАННЫЙ МЕЖРАЙОННЫЙ ЭКОНОМИЧЕСКИЙ СУД МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ
Получатель (-и)	БЕЙНЕУСКИЙ РАЙОННЫЙ ОТДЕЛ СТРОИТЕЛЬСТВА МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ
Электронные цифровые подписи документа	Филиал республиканского государственного учреждения "Департамент Судебной администрации Республики Казахстан по Мангистауской области" - Администратор специализированного межрайонного экономического суда Подпись руководителя: БЕКБОЛАТОВ АРЫСТАНБЕК MIIXVwYJ...BvVCaHKYZ Время подписи: 05.11.2025 10:56
	Филиал республиканского государственного учреждения "Департамент Судебной администрации Республики Казахстан по Мангистауской области" - Администратор специализированного межрайонного экономического суда Подпись канцелярии: ТЕЛЕШОВА РОЗА MIIXSgYJ...5TFsa9W4= Время подписи: 05.11.2025 17:30
	ЭЦП канцелярии: Тажиболусова Дана Рахаткызы без ЭЦП Время подписи: 06.11.2025 10:31

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи», удостоверенный посредством электронной цифровой подписи лица, имеющего полномочия на его подписание, равнозначен подписанному документу на бумажном носителе.

Рег.№ 125 Рег.дата 06.11.2025 Копия электронного документа. Дата: 21.01.2026 15:36. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

Құжатқа қол қойылған: Бекболатов А. Т., 24.10.2025

4712-25-3-6/332